

15-САБАҚ ДЕРМАТОЛОГТА

🎧 1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

безеу

тері асты безеулері

жұқпалы

теміреткі

пигментті дақтар

тері аурулары

бет күтімі

күннен қорғайтын крем

сулану

дуылдау

тазалату

іш-құрылыс

🎧 2. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

Арқаңызда безеу бар ма?

Пигментті дақтар барлық жеріңізде бар ма?

Теріңіз сулана ма?

Теріңіз қыши ма?

Тері асты безеулері мазалайды.

Теріңіз қызара ма?

Күннен қорғайтын крем жағасыз ба?

Пигментті дақтар қашан пайда болды?

Бет күтімін жасайсыз ба?

78

15-САБАҚ

📖 3. Мәтінді оқыңыз.

Дерматологтар тері ауруларына байланысты диагностикалық процедураларды жасайды:

- инъекциялық препараттар;
- ультракүлгін сәулелермен емдеу;
- хирургиялық процедуралар;
- химиялық пилинг;
- лазерлік емдеу.

📖 4. Мәтін бойынша ақпараттың дұрыс-бұрыстығын белгілеңіз.

1. Ультракүлгін сәулелерсіз емдеу.	дұрыс	бұрыс
2. Химиялық пилинг жасайды.		
3. Терапевт тері ауруларын емдейді.		
4. Дерматолог лазерлік емдеу жасайды.		

79

15-САБАҚ

5. Тыңдаңыз, жазыңыз.

- Қайырлы күн!
- Қайырлы күн!
- Қандай _____?
- Бетімде қара дақтар бар.
- _____?
- Тұрмыстамын. Екі балам бар.
- Түсік _____?
- Жоқ.
- Қашан _____?
- Босанғаннан кейін пайда болды.
- _____ ауыра ма?
- Иә/жоқ.
- Күннен қорғайтын крем _____.
- Жақсы, түсінікті.
- Мен сізге медициналық талдауларға жолдама беремін.
- Келесі дүйсенбі маған _____.
- Сау болыңыз!
- _____.



80

15-САБАҚ

6. Сұқбат бойынша ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтаңыз.

Ақпараттар	дұрыс	бұрыс
Бетімде қара дақтар бар.		
Тұрмыстамын. Үш балам бар.		
Босанғаннан кейін пайда болды.		
Медициналық талдауларға жолдама беремін.		
Күннен қорғайтын крем жақпаңыз.		



81

15-САБАҚ



7. Сұқбатты оқыңыз.

– Бет күтімін дұрыс жасайсыз ба?

– Иә, жасаймын.

– Косметологқа барасыз ба?

– Барамын. Бетімді тазалатып тұрамын.

– Косметологқа дәрігердің кеңесімен барған дұрыс.

– Қандай кеңес бересіз?

– С дәруменіне бай жемістер жеңіз. Асқазаныңызды, іш-құрылысыңызды тексертіңіз.

– Маған жолдама жазып бересіз бе?

– Сізді гепатологқа жіберемін.

– Рақмет.



82

15-САБАҚ



8. Оқыңыз, сұрақтарға жауап жазыңыз.



Теріңіз (сезімтал ма, майлы ма, аралас) құрғақ па?

Арқаңызда безеу бар ма?

Пигментті дақтар барлық жеріңізде бар ма?

Теріңіз сулана ма?

Теріңіз қыши ма?

Теріңіз қызара ма?

83